



«ҚОРҒАС» ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық басқармасында көптен күткен қуанышты күн өтті. Көктемнің алғашқы айында қорғастық шекарашылар қауымы ерекше салтанатқа куә болды. Оған себеп - «Оқу орталығының» салтанатты түрде ашылу шарасы.

дагер запастағы прапорщик Почунай Зульрова да жылы лебізін білдірді:

– Құрметті шекарашылар,

қызметінің бет-бейнесі. Сіздер әрқашан мұқият, жинақы және сыпайы болуларыңыз керек. Бұл орталықта алынған білімдеріңіз сіздерді білікті маман етіп қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді! – деп, өзінің жүрекжарды тілегін жеткізді.

Салтанатты жиыннан соң қызыл лента қиылып, шараға жиналғандар жаңа оқу орталығының ғимаратына бас сұқты. Келген қонақтар жаңа ғимараттың мүмкіндіктерімен, оқу кабинеттерімен, шеберлікті арттыруға арналған жұмыс орындарымен және шекарашылардың кәсіби дағдыларын дамытуға арналған құрал-жабдықтармен танысты.

«Алтынкөл» шекаралық бақылау бөлімінің офицері, майор Асем Боранғазиева сөз алып, курсанттарға:

– Құрметті шекаралық бақылау қызметінің мамандары! Бүгіннен бастап сіздер жаңа оқу кезеңіне аяқ бастыңыздар. Шекара – бұл мемлекетіміздің қақпасы, ал сіздер – осы қақпаны күзететін абыройлы шекара сақшысысыздар. Жаңа оқу орталығы сіздердің кәсіби дамуларыңызға ықпал етеді деп сенемін. Сіздерден талап етілетіні – білімге деген құштарлық пен адал қызмет! – деп, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде «Нұр Жолы» шекаралық бақылау бөлімінің жас маманы, аға сержант Ерсұлтан Құдабек:

– Мен бұл оқу орталығында алған білімді қызмет барысында тиімді қолданатыныма сенімдімін. Ел шекарасын қорғау – үлкен жауапкершілік. Біздің әрқайсымыз өз міндетімізді адал атқарсақ, еліміздің шекарасы бүтін, халқымыз аман, жеріміз тыныш болады. Осындай мүмкіндікті сыйлаған басшылыққа алғысым шексіз, – деп, өз ойымен бөлісті.

Шекарашылар – ел шебінің сақшылары. Олардың кәсіби дайындығы мемлекет қауіпсіздігінің басты кепілі. «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында ашылған жаңа «Оқу орталығы» осы асыл міндетті абыроймен атқаруға дайын мамандарды тәрбиелеуге зор үлес қосатыны анық. Бұл орталық – болашақ шекарашылардың білім ошағы, кәсіби біліктілікті дамытудың жаңа баспалдағы!




Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.



Аталған айтулы тарихи шараға Жетісу облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары, шекаралық бақылау басқармасының бастығы, «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының бастығы, офицерлер мен бөлім басшылары, сондай-ақ жаңа орталықта білім алатын жас сарбаздар қатысты. Сонымен қатар саптық алаңда шекаралық бақылау басқармасына қарасты бөлімдер мен бөлімшелердің лауазымды тұлғалары да болды. Шекара сақшылары жиналған алаңда Қазақстан Республикасының Әнұраны шықалып, іс-шараны жүргізу құрметі подполковник Глеб Рыбалкинге берілді. Ол өзінің бастама сөзінде жаңа оқу орталығының әскери қызметшілер үшін маңыздылығын атап өтіп, оның болашақта білікті мамандардың ұстаханасына айналарына сенім білдірді.

Алғаш сөз алған полковник Алексей Якуба жиналған қауымға арнаған сөзінде:

– Бүгін «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының



тарихында айрықша күн. Басқарманың тарихында алғашқы рет ашылғалы отырған орталық – шекарашылардың білімін шыңдайтын, қызмет сапасын арттыратын ерекше орынға айналары сөзсіз. Құрметті шекарашылар, сіздер – еліміздің қырағы сақшысысыздар, сіздердің кәсі-

би шеберліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз – мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Осы орталықта алған білімдеріңіз сіздерді өз ісінің нағыз маманы етуге көмектесетіні белгілі. Баршаңызды осы тарихи күнмен құттықтаймын! – деді.

Өз кезегінде шекарашы ар-

бүгінгі мереке ерекше маңызға ие. Себебі бұл күн Наурыз мейрамымен және тағы басқа мейрамдардың соңын ала беріп, қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Сіздерге тұрақтылық, мол табыс, зор денсаулық тілеймін. Шекара – бұл елдің айнасы. Бақылаушылар – Шекара



ҚҰС
ҚАНАТТЫ
БӨЛІМШЕ

5



КӘСІБИ
КИНОЛОГТАР
ТОП ЖАРДЫ

7



БАТЫР
БОЛМЫС

8

«БІЗДІҢ МІНДЕТ - ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТУ!..»

Жаздың аптап ыстығы басылып, Лепсі ауылына кешкі салқын леп есті. Көкжиекте күннің соңғы шапағы жылт-жылт етіп, таудың басынан түннің қою қараңғылығы төне бастаған шақ. Бұл уақытта ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Лепсі» шекара бөлімшесінің басшысы аға лейтенант Тілектес Тұрсынбай күн тәртібіне сәйкес жауынгерлік қызметті ұйымдастыруда.



Тілектес Жақанұлы лауазымдық міндеттеріне кіріскелі бері шекара қауіпсіздігін нығайту үшін бірқатар өзгерістер енгізді. Әріптестерімен бірге ауыл тұрғындарымен кездесіп, шекаралық аймақта заң талаптарын түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізді.

Соның нәтижесінде, шекара режимін бұзушылардың да саны азайды. Бірақ, бұл тыныштықтың ұзаққа созылмайтынын ол іштей сезетін...

Өткен жылдың жаз айының кешінде «Барлау-іздістеу тобы» шекара нарядына маңызды

тапсырма жүктеді. Кешкі сағат сегіздер шамасында бөлімшеге ауыл тұрғындарының бірінен шұғыл ақпарат түсті. Ол Қызылауыз сайының маңынан белгісіз екі адамды байқап қалғанын хабарлады. Түскен ақпарат бойынша шекара басшысы дереу

бөлімшені қаруға пәрмені бойынша көтеріп, наряд құрамын жасақтады. Бұл топтың жетекшілігі сержант Исмағұл Атшабаровқа жүктелді.

Наряд құрамындағы қас кірпіктің арасында қаруланған шекарашылардан құралған топ шұғыл түрде Қызылауыз сайына аттанды. Олар қараңғылық түскенше әлгі адамдарды тауып үлгеруі керек еді. Тыныш әрі тез қимылдаған шекара сақшылары сайдың түбіне қарай беттеді. Көзге түспес үшін тастың арасымен еңбектеп, жартастардың тасасына тығылып, белгісіз адамдарды алыстан бақылай бастады.

Екі адам тастың астын қопарып, жерді қазып жатыр. Олар үнемі жан-жағына алаңдап, бір нәрседен қорыққандай. Көп ұзамай шекарашылардың бірі олардың емдік шөптің тамырын қазып жүргенін байқады. Бұлардың кім екені әлі белгісіз. Сондықтан аға шекара наряды күдіктілерді ұстап, кім екенін анықтауды бұйырды.

Сержант Исмағұл Атшабаров пәрмен берген бойда топ бірден іске кірісті. Шекарашылар тастың арасынан атып шығып, күдіктілерді қоршауға алды. Көрші ел азаматтары өздерінің заңсыз шекара бұзғанын түсініп, ешқандай қарсылық көрсетпеді. Аспаннан сау ете түскендей дәл жанда-

рынан шыға келген әскерилерді көрген кезде олар қолдарын көтеріп, жерге тізерлей отыра кетті.

Қолға түскендер шекара бөлімшесіне жеткізіліп, тергеу жүргізді. Белгілі болғандай, бұл екеуі шекараны заңсыз кесіп өтіп, емдік шөптердің тамырын қазу үшін келген екен. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өткені үшін екеуі де жауапқа тартылып, елдеріне қайтарылды.

Бұл оқиға бөлімше қызметкерлеріне үлкен сабақ болды. Тұрсынбай Тілектес Жақанұлы шекара қауіпсіздігін одан әрі күшейту үшін ауыл тұрғындарымен ақпараттандыру жұмыстарын жалғастыру керектігін түсінді. Ол әріптестеріне қарап:

- Біздің міндет - ел тыныштығын күзету. Қырағылық пен жауапкершілік - нағыз шекарашының басты қасиеті!,- деді сенімді дауыспен.

Осылайша, «Лепсі» шекара бөлімшесінің шекара сақшылары өздерінің адал қызметтерімен ел шекарасын қорғап, әрдайым сақадай сай тұратынын тағы бір дәлелдеді.

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

ЖЕЗКЕНТ – ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Барлық объектілер шекарашылардың тиімді қызмет атқаруына және олардың жоғары деңгейде дайындалуына бағытталған. Бөлімше толыққанды мамандармен жасақталған, ал әрбір әскери қызметші өз антына адал, Отанға шынайы қызмет етуге дайын патриот.

«Жезкент» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері күнделікті қатаң тәртіпке, жоғары әскери дайындыққа және үздіксіз жаттығуларға негізделген тәртіппен өмір сүреді. Олар теориялық және практикалық сабақтардан өтеді, физикалық және арнайы дайындықтарын шындайды, шекара күзетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

«Жезкент» шекара бөлімшесі шекаралық қауіпсіздікті жаңа технологияларды қолдану арқылы күшейтеді: бейнебақылау камералары, пилотсыз ұшу аппараттары (дрондар), заманауи байланыс құралдары.

«Жезкент» шекара бөлімшесі жергілікті билік органдарымен, мектептермен, қоғамдық ұйымдармен және ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олар: жастарға әскери-патриоттық тәрбие береді, ашық есік күндерін ұйымдастырады, бірлескен рейдтік іс-шаралар өткізеді, мәдени және қайырымдылық шараларына қатысады.

Бұл бастамалар шекара күзетінің маңыздылығын түсіндіруге, жастарды әскери қызметке тартуға және елдің қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Шекара бөлімшесі қызмет атқарған жылдар ішінде көптеген шекара бұзушылық фактілерін анықтап, заңсыз әрекеттердің алдын алды.

2024 жылдың 16 желтоқсанында Ресей Федерациясының азаматы мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болғанда, Жезкент шекарашылары оны уақытында тоқтатып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Осындай оқиғалар – шекарашылардың қырағылық пен кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі.

«Жезкент» шекара бөлімшесі 80 шақы-

рға жуық Ресей Федерациясымен шекаралас аумақта орналасқан. Осыған байланысты екі елдің шекара қызметтері тығыз байланыста жұмыс атқарады: шекараны бірлесіп күзету, ақпарат алмасу, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу.



Бұл шаралар Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Шекара бөлімшесінің қызметі тек қырағы күзетпен шектелмейді. Әскери қызметшілердің моральдық және физикалық дайындығын жетілдіру мақсатында әртүрлі спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Спорттық жарыстар, әскери шерулер, патриоттық кездесулер – бұл шекарашылардың рухын көтеріп, ұжымдық

бірлікті нығайтатын маңызды шаралар. Сонымен қатар, бөлімшеде жас сарбаздарды оқытуға арналған арнайы оқу бағдарламалары жүзеге асырылады.

Әскери қызмет тек жауынгерлік дайындықтан тұрмайды. Шекарашылар арасында патриоттық кештер, мерекелік іс-шаралар, ардагерлермен кездесулер өткізіліп, олардың тәжірибелері жас сарбаздарға үлгі ретінде ұсынылады. Бұл шаралар әскери рухты нығайтып, шекарашылардың өз міндетіне деген жауапкершілігін арттырады.

Шекара бөлімшесі жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында бірлесе жұмыс істейді. Ауыл тұрғындарына шекара заңдылықтары түсіндіріліп, қандай да бір

күмәнді жағдайлар туындаған жағдайда дереу хабарлау қажеттілігі жөнінде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, мектептерде шекара қызметінің маңыздылығы туралы ашық сабақтар мен кездесулер ұйымдастырылады.

«Шекара – мемлекеттің айнасы» деген сөз бар. «Жезкент» шекара бөлімшесі осы міндетті абыроймен атқара отырып, еліміздің шекаралық тұтастығын сенімді түрде күзетіп келеді.

**Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

«ДАРАТЫДАН» БАСТАЛҒАН ЖОЛ

ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің қайта жасақтаудан өткеніне бес жыл. Ал тарихы XX-ғасырдың 20-шы жылдарынан басталатынын сұңғыла тарихқа барып білуге болады.

Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының Аспантаудың етегінде орналасқан осы бір шекара бөлімшесінің тарихы терең екенін көпшілігіміз біле бермеуіміз мүмкін. Өзінің қос қабатты ғимаратына қарап... Бұл – «Текес». Тарихына үңілсек, 1932 жылдың 20 мамырында «Дараты» деген атаумен ашылған. 1924 жылы ашылған Жаркент шекара отрядының «Сарыжаз» шекара комендатурасына қарасты төрт шекара заставасының бірі болған бөлімше сол жылдың 12 маусымында 500-ге тарта бандылардың Сарытау тауы арқылы көрші Қытайдың жеріне бет алғаны туралы ақпарат алады. Келесі күні таң алдында шекарашылар екі топқа бөлініп, бұл кезде Кескентас көлінің аумағына бекініп үлгерген бандылармен айқасқа түседі. Нәтижесінде, шекара бұзбақ болғандар түгел жер жастанады, бірақ күші тең емес осы шайқаста шекарашы В.Астраханцев ерлікпен қаза табады. Шекарашы «Дараты» (Текес) шекара заставасында жерленеді.

«Текес» шекара бөлімшесінің аумағындағы мемлекеттік шекараның дәл жанында ескі ғимараттың үйіндісі жатыр – бұл бұрынғы «Дараты» шекара заставасының орны. Бандылармен шайқаста қаза болған шекарашының қабірі сол жерде тұр.

1976 жылы шефтік көмек ретінде Көкшетау қаласының бюджеті есебінен, «Текес» шекара заставасының кешені салынып, пайдалануға берілді. Бұл да кезінде Қызыл Тулы «Шығыс» шекара округін басқарған Кеңес Одағының Батыры генерал-лейтенант Матвей Кузьмич Меркуловтың қазақ-қытай шекарасындағы ерен еңбектерінің бірі болатын.

...Бүгін бөлімшені шекара басқармасының тәжірибелі офицерлерінің бірі капитан Н.Темірбаев басқарады. Оның тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары аға лейтенант Есет Құттымұрат қазіргі лауазымына тағайындалғанына бір жылдың көлемі болған. Екі офицер де салауатты өмір салтын ұстанушылар қатарынан. Нұрбол биыл Шекара қызметінің аясында өткен қызметтік шаңғы биатлонына



іріктеу турниріне Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының атынан қатысып, бірінші орынды жеңіп алған команданың капитаны. Өзі де «Іздегенге – сұраған» демекші, осы спорттың түрінен «Спорт шеберлігіне үміткер» деген атақтың иегері. Ал Есет өткен жылы Райымбек

ауданы бойынша шекара басқармасының далалық оқу полигонында ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілері арасында үш сайыстан өткен жарыста «Үздік граната лақтырушы» номинациясын жеңіп алды.

Шекара қызметінің саңлақ сардарларының бірі, Ауған соғысының ардагері, отставкадағы генерал-майор М.Марденов Нарынқол өңіріндегі шекара бөлімшелеріне жасаған сапарында текестік шекарашыларға да соққан болатын. Марат Жүкенұлының көп жылдық жауынгерлік тәжірибесі, Ауған соғысындағы басынан кешкен оқиғалары, сұрапыл шайқастар мен жүргізілген шекаралық операциялар – ардагердің жас ұрпақпен әңгімесінде бәрі-бәрі бар еді. Осынау, ел шебінде өткен «Ерлік сабағына» өзге ардагерлерді – Шекара қызметінің қалыптасу кезеңін өз басынан өткеріп, барлық қиындығын табандылықпен еңсере білген аға буындар да араласса қандай тамаша болар еді!..

...Ұжымның ел шебіндегі қас-қағым, қарбаластан тұратын өміріне келетін болсақ, жыл басынан бері 10-нан астам шекара режимін бұзушы ұсталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Мұндайда шекарашыларға көмекке келетін ерікті жасақшылар бар. Солардың бірі, Қызыл шекара ауылының тұрғыны Айдос Алиевтің тигізген көмегі зор.

Шекара бөлімшесінде «Күз – 2024» шақырылымының сарбаздары қызмет атқарады. Өздерінің шекараға келгендеріне бірнеше айдың жүзі ғана болса да қалыптасудан өтіп, қызметтеріне кірісіп кеткен. Жақында болған журналистік іссапар кезінде байқағанымыз, олар үшін шекара бөлімшесі – екінші туған үйлеріне айналған. Ал ел шебіндегі қызметтеріне келгенде сергек, өйткені қапталдарында Қытай елі. Осындайда тағы да Мұқағали есіңе түседі: «Міне, Мен Отанымның шетіндемін...», – деген.



**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

АЩЫКЕН БӨЛІМШЕСІНДЕГІ НӘТИЖЕЛІ ҚЫЗМЕТ

Сонымен, қош бол Алматы, қош бол Көк Төбе!!! Енді қай лейтенанттың бағы ашылып, әсем қала Алматыға жолы түсіп, кезекті қызметін сол жақта жалғастыратынын кім білсін?! ҚР ҰҚК Шекара Академиясының 2023 жылғы түлегі лейтенант Еділбаев Әли Мұхтарұлы өзінің кезекті қызметін ҚР ҰҚК СҚО бойынша шекара қызметінің «Кішкенекөл» шекара бөлімі «Ұялы» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымына тағайындалып, ҚР Мемлекеттік шекарасының сеніп тапсырылған бір бөлігін күзетуді және қорғауды ұйымдастыруға кірісті.



Аталмыш шекара бөлімшесіндегі бір жыл екі ай қызметтен соң лейтенант Еділбаев Әли Мұхтарұлы «Кішкенекөл» шекара бөлімінің «Ащыкен» шекара бөлімшесі бастығының лауазымдық міндеттерін уақытша атқаруда. Оның басшылығымен шекара бөлімшесі 12 мемлекеттік шекара режимін бұзушыларды және шекара режимін бұзған 7 адамды құрықтады.

Шекара бөлімшесінің әскери қызмет-

шілері жергілікті халықтың өміріне белсене қатысады және жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмек көрсетеді.

Лауазымға тағайындалған соң лейтенант Әли Еділбаев өзінің тапқырлығы мен біліктілігінің арқасында жоғарыда көрсетілген шекара бөлімшесіндегі қызметімен қатар аяулы жарына да көңіл бөлуге үлгереді. Толықтыра кетсем аяулы жарының есімі Дуйсетаева Айгерим Сай-



рановна Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Қазақстан ауылының тумасы, қазіргі таңда тек үй шаруасын дөңгелетіп қана қоймай «Ащыкен» шекара бөлімшесі орналасқан Горьковский ауылында «Биология» пәнінің мұғалімі.

Мемлекеттік шекараның бойында өзінің қызығы мен шығығы жеткілікті. Қызметтік ит, жылқы, түрлі мемлекеттік шекараны күзетуге арналған аспаптар, соның ішінде

күндіз - түні бақылайтын аспаптарын айтсаңшы! Еліміздің осындай батыр, ержүрек шекарашылары барда біздің ұйқымыз тыныш өтетініне көміл сенеміз.

**Майор Д. УТЕБАЕВА, «OS-ЧР».
Суреттер шекара
бөлімшесінен.**

ТАРИХ ЖЕЛКЕНІНДЕГІ БӨЛІМШЕ

Себебі, Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының құрылу тарихы да өзгеше. Сарыағаш шекара жасағы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі «Батыс» Өңірлік басқармасының құрамында болған және небәрі бес жүзге жуық әскери қызметкермен шекара күзетіне жүктелген қызметтік міндеттерін адал атқарған бірден бір шекарашылар ұжымы.

Иә, біз сөз еткелі отырған «Сарыағаш» шекара бөлімшесі де Сарыағаш шекара отрядынан соң яғни 2001 жылы ҰҚК Шекара қызметі директорының бұйрығы негізінде ашылған болатын. Шекара бөлімшесінің негізгі қызмет орны Сарыағаш қаласы болып, жалпы көлемі өзен бойымен 10 шақырымға жуық аумақты күзетуге құлшына кірісті. Алғашқы жылдары «Сарыағаш» шекара бөлімшесі Сарыағаш шекара отряды гарнизон бөлімшелерінің ғимаратында орналасып, ұзақ жылғы қиындықтарды өңсерген шекарашылар ұжымы 2009 жылы ғана мемлекеттік шекара сызығының бойына көшірілді.

Қызметі мен ғұмыры ширек ғасыр уақытқа таяған «Са-

рыағаш» шекара бөлімшесінің бүгінгі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің басшылығы жоғары бағалайды. Шекара шебінің тыныштығы мен еліміздің болашағына жауапты сарыағаштық шекарашылар күн, түн демей қызметтің ауыртпашылығына төтеп беруде.

Бүгінгі күні капитан Арман Акпаров басшылық жасайтын «Сарыағаш» шекара бөлімшесінің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы сандық көрсеткіштермен-ақ түйіндеуге болады. Арман Алымұлының жеке құрамы жыл басталғалы бері шекара режимін бұзған көршілес елдердің 2 азаматын құрықтап Қылмыстық Кодекстің 392 бабы 2 тармағы негізінде істерін сотқа жолдады. Бұдан бөлек осы жылдың бастапқы үш айында көршілес Өзбекстан Республикасының 99 азаматы Қазақстан Республикасының шекаралық аумағына келу тәртібін бұзғаны үшін ұсталып Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 517 бабы негізінде

Еліміздің оңтүстігіндегі мемлекеттік шекара күзетінде ширек ғасыр уақыттан бері дамылсыз қызмет етіп келе жатқан сарыағаштық шекарашылардың дамылсыз еңбегін тоқтаусыз айтсақ та аздық етеді.



әкімшілік жазаға тартылған. Қарап отырсаңыз мұның барлығы да шекарашылардың тынымсыз еңбегінің арқасы деуге әбден болады.

Ағымдағы жылдың 11-31 наурызы аралығында Қазақстан

Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің аумағында өткен «Түркістан-3/25» шекара операциясы кезінде капитан Арман Акпаров басшылық жасайтын «Сарыағаш» шекара бөлімшесі

шекаралық аймақта бекітілген тәртіп пен Мемлекеттік шекараның тұтастығын қамтамасыз ету, сонымен қатар заң талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын белсенді атқарды. Сарыағаш қаласы мен оған жақын елдімекен тұрғындарына ақпараттық қағаздарды таратып елдің тыныштығы үшін бірлесіп жұмыс жасаудың артықшылығын халық арасында үгіттей білді. Шекара бөлімшесі жеке құрамды тасымалдауға жаңадан техникалармен жарақталып, заман талабына сай мемлекеттік шекараны күзетуді күшейту құралдарынан түнгі көру аспаптары мен көру құралдарымен жабдықталып шекара шебін үздіксіз күзету жұмыстарын абыроймен атқаруда.



Майор
Р. НҰРМЕТ.
«ОС-ЧР».
Сурет
шекара
бөлімшесінен.

ОТАН ҮШІН ОТҚА ТҮС- КҮЙМЕЙСІҢ

Батылдық — бұл тек қана қиын сәттерде ерлік көрсету емес, сонымен қатар күнделікті өмірде, шешім қабылдауда, өз ұстанымдарына адал болуда көрінетін қасиет. Шекара бөлімшесінің жұмысын үйлестірген қызметшілер тек мемлекеттік қауіпсіздікті ғана емес, шекара маңындағы тұрғындардың тыныштығын да қамтамасыз етеді.



Қазақтың есімі ел арасында кеңінен таныс, ақын Махамбеттің атын иеленген Махамбет шекара бөлімшесі — бүгінгі таңда еліміздің шекара қауіпсіздігін күзету жолында аянбай еңбек етіп жатқан жауынгерлердің қарашаңырағы. Батыс Қазақстан облысының Бейтерек ауданы, Бейбітшілік ауылының маңында орналасқан Махамбет шекара бөлімшесі Ресей Федерациясымен шектеседі. Шекара бөлімшесі осы уақытқа дейін көптеген заңсыз шекарадан өту әрекеттерінің алдын алып, жақсы көрсеткіш көрсетуде. Олардың қатарында ерекше көзге түскен жауынгер — қатардағы санитар Алпамыс Атантаев.

Махамбет шекара бөлімшесінің өкілдері арасында батылдық пен қайсарлық танытқан Алпамыс Нұрланұлы өткен

жылы бір ерекше ерлік жасады. Бейбітшілік ауылында, күн ыстық, жаздың тамаша бір күні, ол өз кезекшілігінен кейін, келесі күні күндіз отбасымен бірге су жағалауына барып, сулы табиғатта демалып, табиғаттың тыныштығы мен көркемдігінен ләззат алды. Су астында уақытты өткізіп шағын серуен жасап қайтқан, жолда бір таңқаларлық жағдай пайда болды. Жолдың оң жағында егістіктің ашық оттан өртеніп жатқанын байқады.

Өрттің өрши бастағанын көрген ол еш ойланбастан, қолындағы шелекті алып, шұғыл түрде көмекке ұмтылды. Ешкімнен көмек сұрамай, жалғыз өзі өрттің шекарасын кесіп, оның әрі қарай жайылуына жол бермей, өртті сөндіре бастады. Оттың көлемі ұлғайып, әбгерге түскенде, ол өзіне сенім артып, қажырлылықпен әрекет етті.



Өртті сөндірген соң, оны көрген ауыл тұрғындары таңғалып, бір уақытта осы оқиғаны аудан әкімінің назарына жеткізді. Өртті сөндіру үшін көрсеткен ерекше жігері мен табандылығы ауыл тұрғындарының жүрегінде ерекше із қалдырды, жергілікті әкімшілік те жоғары бағалап, оған алғыс хат табыстады. Алпамыс өз қызметінен тыс уақытта да тұрғындардың қауіпсіздігі мен тыныштығын ойлайтын жандардың бірі екендігін дәлелдеді.

Бұл оқиға — Махамбет шекара бөлімшесі қызметшілері арасындағы ерліктің

және отаншылдықтың белгісі болып табылады. Шекарадағы қауіпсіздікті бақылау мен қорғау міндеттерінен бөлек, Алпамыс сияқты жауынгерлердің өз қоғамына, өз халқына деген жанашырлығы мен жауапкершілігі оларды шынайы батыр ететін қасиеттердің бірі.



Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

ҚҰС ҚАНАТТЫ БӨЛІМШЕ

Бұл халықаралық әуежай Отан үшін кеудесін оққа тосқан қазақтың батыр қызы Хиуаз Доспанованың есімімен аталады. Мұнайлы астанаға асыққан меймандарға алғаш арма айтатын айлақ тәуелсіздік жылдарымен қатар құлашын кеңге жайған. Мұнда халық арасында «құс қанатты бөлімше» аталып кеткен «Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі қоныс тепкен. Ел қақпасын кірпік қақпай күзеткен сенімді сақшылардан жасақталған жеке құрам толассыз тосқауылдармен таң атырып, іргемізді заңсыздықтан арашалап тұр.



көзіміз шалды. ҰҚК Шекара қызметі басшылығының оңтайлы шешімінің нәтижесінде өзінің туған жерінде мерзімді әскери қызметте болып, кейіннен қастерлі шекарашы мамандығына қол созған олар жүйелі жұмыстардың жемісі немесе жеңісі деп сеніммен айта аламыз.

Үстіміздегі жылы Ұлы Отан соғысы ертінің ауыздықталғанына 80 жыл толмақ. Осынау айтулы жылнама «Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі үшін алар орны айрықша. Себебі мұндағы шекарашылар халықаралық әуежайға аты берілген Хиуаз Доспанованың ерлігіне әбден қанық. Осы өлкедегі батыр қыздың өшпес ерлігіне, майдан даласындағы көзсіз батырлығына зор құрметпен қарайды.

Бұл шекаралық бақылау бөлімшесінің бас ғимаратына алғашқы келуіміз емес. Бұған дейін де мұндағы міндет жүктеген меймандарды жақұт жазбамызға серік етіп, еңбегін елемекке арнайы ат басын

Сәрсенбінің сәтінде жоғарыдағы атап өткен әуежайға аялдадық. Кескілескен қан майданда өшпес ерлік көрсеткен батыр қыздың атын арқалаған әуежай мыңғырған жолаушыны құшағына сыйдырған. Қызметтік сапар ішінде бір-бірімен қимай қоштасқан жанарларды да көзіміз шалды. Кездесу мен қоштасу тоғысқан төңірек арасында да тым әсерлі көрінді бұл күні. Қойын дәптер мен фотоаппаратты серік еткен біз әуежай қабырғасындағы «Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің жауынгерлік қызметін ойлы оқырманмен қауыштыруды мақсат тұттық.

Халықаралық әуежайға ентелей кірген бойда шекаралық бөлімше бастығының орынбасары капитан Дәулет Алиманов құшақ жая қарсы алды. Қызмет бабында бұған дейін танысып үлгерген әріптес-жолдаспен жылы жүздестік. Қапылысқан уақыт арасында бір мезет жағдай сұрасып, қызмет орнына келгендегі тілегімізді жеткіздік.

«Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің төл тарихы сонау 1993 жылдан бастау алады. Ширек ғасырға жуық қызметтік жылнама бірлігі бекем бөлімшенің жауынгерлік қызметіне жолсерік атанған. Мұнайлы астанада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан тұлғаларды, көлік

құралдары мен жүктерді шекаралық бақылаудан өткізуді жүзеге асырады. Қала орталығынан тысқары жатқан әуежай келім-кетім жолаушыларға тәулік бойы тапжылмай қызмет етеді. Өткізу қабілеті бір тәулікте 15-20 рейске дейін қабылдаса, бір айда 550-600 рейске жетіп жығылады. Ал тәулігіне шетелге шығатын ұшақ қызметкерлерін қоса есептегенде жолаушылардың Мемлекеттік шекараны кесіп өтуі 500-ге (15000-17000) дейін жуықтайды.

Бүгінде Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі «Қазақстан-Ресей» (Мәскеу қаласы), «Қазақстан-Әзірбайжан» (Баку қаласы), «Қазақстан-Түркия» (Стамбул қаласы), «Қазақстан-Недерланды» (Амстердам қаласы), «Қазақстан-Грузия» (Кутаиси қаласы) бағыттарындағы рейстерді жүзеге асырады. Сонымен қатар, «Атырау-Баку-Атырау», «Атырау-ОАЭ-Атырау», «Атырау-Тбилиси-Атырау» бағыттарындағы тұрақты емес жүк тасымалы іске қосылған. Мұнан бөлек, «Атырау-Анталия», «Атырау-Кутаиси» (Батуми) бағытындағы демалыс уақытында маусымдық тұрақты чартерлі рейстер де жолаушыларға үздіксіз қызмет етіп тұр. Тәжірибесі толысқан майор Темірболат Ерқасымов басшылық ететін шекаралық бақылау бөлімшесі заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықталған. Бұл



тәулікпен таң атырған жасылкүнқағарлы шекарашылардың қауырт қызметін жеңілдетіп, қызметті сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, өткізу пунктінде барлық талаптарға сай 3 бейне бақылау камерасы қырағы қызметке қол ұшын созған.

Іс-сапар барысында соңғы жылдары ғана шекарашылар қатарын толықтырған кешегі шекарашы сарбаз, бүгінгі келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді

бұрғанбыз. Бүгінгі сапар да ақырғысы емес. Себебі құс қанатты бөлімше қатарында тақырыпқа сұранып тұратын толағайлар жетерлік...



**Капитан
Б. ҚОЖАНТАЙ**
«ОС-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.

ТОСҚАУЫЛ

ҚАРАТОҒАНДАҒЫ ҚҰРЫҚТАУ

2025 жылдың 16 наурызынан басталған «Тосқауыл – 2025» бірлескен шекаралық операциясы ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек, Қарасай аудандары бойынша шекара басқармаларының аумағында 12 сәуірге дейін жалғасады.

Қазақстан және Қырғызстан шекаралық ведомстволары басшыларының қол жеткізген келісімдеріне сәйкес өтіп жатқан операцияның нәтижесінде ұсталғандар аз емес.

Сондай оқиғалардың бірі, 2 сәуір күні кешкі бестердің кезінде Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы шекара бөлімшесінің учаскесінде өрбіді.

Ерікті жасақшы Н.Тлеубердиев шекараның бойында белгісіз адамның жүргенін байқап қалып, бұл туралы бірден шекара бөлімшесіне хабар берген. Көп ұзамай, аға лейтенант Е.Сауырбаев бастаған «Дабыл»

тобы мемлекеттік шекарадан 24 шақырым жерден қазақстандық азаматты ұстады. Әйел адамның айтуынша, ол тау ішінде мал іздеп жүрген. Өзі Нарынқол ауылының тұрғыны, жеке басын куәландыратын құжатын үйінде ұмыт қалдырған көрінеді. Алайда, мұндай уәж – шекара режимін бұзушыларды жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан, шекарашылардың құрығына түскен азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 5 АЕК көлемінде айыппұл арқалады.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,**
«ОС-ЧР».



АДАЛДЫҚТЫҢ АБЫРОЙЛЫ ЖОЛЫ



Қазақта «Тау баласы тауға қарап өседі» деген тамаша тәмсіл бар. Сол секілді шекара аймағының ұланы шекарашыларға қарап бой түзейді. Ер жетіп, өмір атты ұлы мұхиттың төрінде құлаш кере жүзетін кез туғанда шекарашы мамандығын таңдайды. Біздің кезекті кейіпкеріміз лейтенант Қуаныш Канапин де солардың бірі.

шекара отрядының учаскесіндегі жеке «Бақты» шекаралық бақылау-өткізу пунктінде кіші бақылаушы болып бастайды. Екі жылдан кейін Шекара қызметінде орын алған өзгерістер Қуаныш қызмет ететін әскери ұжымға да жетеді. Мақаншы шекара отряды мен жеке «Бақты» шекаралық бақылау-өткізу пункті біріктіріледі. Қуаныш Мақаншы шекара отрядының коменданттық ротасына атқыш болып ауысады. Бірақ ол мұнда көп болмайды, жоғары басшылықтың шешімімен, 2013 жылы бірінші бағыттағы «Дулат» шекара бөлімшесіне старшина болып ауысады. Міне, осы жерде Қуаныш құрған бақытты шаңырағының отанасына айналған Мақпал дүниеге қыз баланы әкеледі. Өзінің есімі ерекше – Сағыныш. Шынында да әдемі. Дегенмен осы бір құлаққа ерекше естілетін есімінің астарында бір сыр бұғып жатқандай көрінген. Сөйтсек, мұндай елден ерек есімді немересіне атасы қойған көрінеді. Дегенмен, жалғыз Сағыныш емес, оның бауырлары да ерекше есімдерді еншілеген. Әбілмансұр, Алпамыс және Томирис. Шекарашының перзенттеріне мұндай есімдерді тарихымыздың аса ірі тұлғаларындай болсын деген игі тілекпен қойғаны байқалып тұр.

...Өзі қызмет атқарған Мақаншы шекара отрядының «Дулаты» шекара заставасында өткізген жылдары туралы былай деп еске алады:

– Сол кездегі «Жарбұлақ» шекара комендатурасының учаскесінде тұрған заставаның қызметі ауыр болатын. Көктем мен күз айларында кезектесіп соғатын Сайхан мен Ебі желдерінің өтінде қызмет атқарған шекарашылар әсіресе ауыз судан қатты тапшылық көрді. Қазір қалай екенін білмеймін, сол кездері біз суды қасымыздағы өзен-шөден таситынбыз. Қыста қалың түскен қарларды ерітіп, кедеге жаратқанымыз есімде ерекше сақталып қалды...

Осылайша, заставада төрт жылдай қызмет атқарған Қуаныш «Алматы» шекаралық бақылау отрядына ауыса-

ды. Мұнда «Жолаушылар» шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы болып қызмет еткен Қуаныш 2022 жылы офицерлік шеңді шындап ойлана бастайды. Шынында да неге болмаса? Жоғары білімді маман. Шекара шебінде үнемі ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүрді. Небір өткелерден өтті. Заставадағы екінші тұлға – старшина болды. Осының барлығы Қуаныштың бақылаушы лауазымынан тыл қызметіне ауыстырылуына мұрындық болғаны анық еді...

Ақыры, 2024 жылы иығына офицердің алғашқы қос жұлдызын таққан Қуаныш «Алматы» жабдықтау басқармасының тылдық қамтамасыз ету тобының офицері болып тағайындалды. Жаңа орта болғанымен, қызметі үйреншікті.

– Мен жайдан-жай офицер атана салған жоқпын, – дейді ол бізбен әңгімесінде ағынан жарылып. Бұған мен өзімнің ел шебіндегі жеткен жетістіктерім мен өткізген жылдарымның, еңбегімнің арқасында қол жеткіздім. «Талпынған жетер мұратқа» деген осы болса керек.

... ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» жабдықтау басқармасының қызметі сырт көзге бұйығы көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес. Әсіресе лейтенант Қ.Канапин қызмет атқаратын топтың міндеті: республиканың шығысы мен батысына, солтүстігі мен оңтүстігіне жол тартатын ауыр жүк көліктеріне техникалық қызмет көрсету. Техникалардың жолда тұрып қалмауы үшін мұнда ең мықты деген мамандар жұмыс істейді. Ал Қуаныштың алған мамандығы да осы емес пе?! Инженер-механик. Демек, офицердің университеттен алған мамандығы – мақтанышына айналған десек, қателеспейміз.

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
 Суретті түсірген автор.

ПОГРАНИЧНАЯ СУДЬБА

БЫТЬ ЖЕНОЙ ВОЕННОГО



Быть женой военного – значит жить в ритме службы, понимать, что граница, присяга и долг перед Родиной для супруга стоят превыше всего. Это означает встречать праздники в одиночестве, переживать за него во время командировок, переезжать в незнакомые города. Но настоящая любовь только крепнет перед испытаниями. История Гульмиры – жены старшего офицера Қуаныша Қабиден – пример стойкости, терпения и преданности.



После свадьбы молодая семья обосновалась в г. Петропавловске, где родилась их дочь. Қуаныш Қабиден работал на границе по сменному графику – сутки через сутки.

– Мне было непросто, но он всегда старался уделять нам время, даже когда не высыпался, – вспоминает Гульмира.

Со временем они привыкли к жизни в этом городе, но в 2017 году пришел приказ о переводе в г. Семей.

– Нам дали всего две недели на переезд. Было сложно, но я

понимала: семья – это, прежде всего, поддержка. Я знала, за кого выхожу замуж, и должна быть всегда рядом, – рассказывает она.

В новом городе пришлось начинать все с нуля, но Гульмира не опустила руки. Она занялась саморазвитием, нашла хобби, которое со временем стало приносить доход. А спустя почти два года пришла долгожданная новость – мужа переводят в г. Костанай. Ее счастьем не было предела, потому что там живут все ее родные.

Жизнь рядом с военным – это постоянное ожидание.

– Три года подряд он не был со мной на моем дне рождения – то усиления, то командировки. Но он всегда старался компенсировать это по возвращении. Дочь тоже скучает по отцу. Когда он приходит с работы, она сразу просит его внимания. Но мы понимаем – работа с личным составом нелегкая, он устает, – делится Гульмира.

Несмотря на все трудности, Гульмира гордится мужем. Ведь он всегда выслушает, поможет,

поддержит своих подчиненных. Он – человек слова. Она гордится тем, что он не курит, не пьет, ведет здоровый образ жизни и дорожит семьей.

Она считает, что ее главная задача – создать уютный дом, куда хочется возвращаться. Всегда старается, чтобы дома было чисто, тепло, чтобы он приходил и мог отдохнуть.

Гульмира всегда мечтала выйти замуж за военного. Для нее человек в форме – символ силы и защиты, поэтому она полюбила супруга лейтенантом и мечтает,

чтобы он стал генералом.

Но мечты не только о службе. Супруги надеются однажды построить большой дом, где будет много детского смеха.

Быть женой военного – значит быть сильной. Но сила – в любви, в вере друг в друга и в умении быть рядом, несмотря ни на что.



Лейтенант,
Н. САКЕН,
 «OS-ЧР».
 Фото из личного
 архива семьи
КАБИДЕН.

С СИЛЬНЫМ ХАРАКТЕРОМ И ДОБРЫМ СЕРДЦЕМ

В пограничном ведомстве есть должность, которая на первый взгляд не связана с охраной государственной границы. Однако без нее четкая работа службы была бы невозможна.



Речь идет о бухгалтерях – специалистах, от которых зависит финансовая стабильность, материальное обеспечение и социальная защита военнослужащих.

В управлении снабжения «Актау» Пограничной службы КНБ более 15 лет служит бухгалтер группы финансового обеспечения сержант Елена Заскалько.

Уроженка города Жаркента за годы службы зарекомендовала себя как ответственный, дисциплинированный и целеустремленный специалист. Исключительная усидчивость, внимательность к деталям и организованность позволяют ей успешно справляться с самыми сложными задачами.

– По характеру Елена Валерьевна спокойна, выдержана и всегда готова поддержать коллег. Она умеет сохранять хладнокровие в любых нестандартных ситуациях, – отмечает заместитель начальника управления по воспитательной, идеологической и кадровой работе подполковник Бердалы Сапаралиев.

По словам офицера, сержант Елена Заскалько – настоящая женщина с сильным характером и добрым сердцем. В работе она проявляет высокий профессионализм, а в коллективе пользуется заслуженным уважением. Благодаря ее работе подразделение выполняет свои задачи четко, надежно и без сбоев.

Стоит отметить, что кроме своих прямых обязанностей касающиеся бюджетной сферы, Елена Заскалько наравне со всеми сдает зачеты и нормативы, а также участвует в учениях и стрельбах.



**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».
Фото рядового
Е. УРЫНБАЙ.**

ШЕКАРАШЫНЫҢ СЕҢІМДІ СЕРІГІ

Шекара қызметінде қызметтік иттер ерекше рөл атқарады. Олар есірткі мен жарылғыш заттарды іздеуден бастап, шекара бұзушыларды анықтауға дейінгі күрделі міндеттерді орындайды.

Дегенмен бұл төрт аяқты «жауынгерлердің» жақсы нәтиже көрсетуі оларды жаттықтыратын аға нұсқаушыларға тікелей байланысты.

Павлодар облысы бойынша департаментінің өткен жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша үздік аға нұсқаушы болып танылған маманның бірі – кіші сержант Лизунов Александр Юрьевич. Павлодар облысы, Железин ауданы, Башмачное ауылында туылған Александр, Шекара қызметінде 2020 жылдан бері қызмет етіп келеді. Ол кинология саласына әскердегі қызметінен кейін келген. «Мен әскерде жүргенде кинолог болдым. Кейін Шекара қызметіне жұмысқа орналасқан кезде де осы бағытты жалғастырып, кинолог ретінде қызметке кірістім», – дейді ол.

Қызметтік иттерді баптаудағы тәжірибесі мен ерекше әдістері Александр Лизуновтың маман ретіндегі шеберлігін айқындайды. Оның сенімді серігі Саруна атты неміс овчаркасы. Иттің реңі – күңгірт түсті, ал дағдылары жоғары деңгейде дамыған.

«Кинолог болу қиын емес, ең бастысы итті жақсы



ТЕМІР БҰЙЫМНЫҢ ШЕБЕРІ

Өйткені оның еңбегі шекара қызметінің қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін жақсы біледі. Қарапайым металл кесінділерінен тұратын темір қаңқалар оның қолында берік әрі мықты құрылғыға айналады.

2009 жыл. Ол Шекара қызметінің жөндеу зауытына жұмысқа алғаш орналасқан кезі. Байланыс бөлімінде жұмыс істеу оған бірден ұнай қоймады. Қағаздармен жұмыс, техникалық сызбалар, шексіз есептеулер... Ал оның жаны басқаны қалап тұрды – темірмен жұмыс істеуді, қолымен бірдеңе құрастыруды, көз алдында дайын өнімдерді де елестететін.

Сол себепті, 2011 жылы өндірістік бөлімге ауысқан кезде Василий Николаевич өзін жаңа өмірге қадам басқандай сезінді. Алғашқы күндерден-ақ металдың иісі мен электр дәнекерлеу ұшқындарының жылуы оған үйреншікті әрі жақын көрінді. Оның қолымен жасалған алғашқы қару-жарақ сақтайтын пирамида бөлімше бастығының көңілінен шықты. «Сапалы, берік, әрі мінсіз дайындалған», – деген баға берді.

Жылдар өте келе, Василий Николаевич тек тәжірибелі дәнекерлеуші ғана емес, нағыз жетекшіге айналды. Оның қол астында кәсіби шеберліктің қыр-сырын үйренген бес маман жұмыс жасайды. Олармен бірге жыл сайын сексеннен астам пирамида мен жиырмадан аса тапанша сақтайтын сейфтер жасап шығарады. Әр өнім – шекара қызметінің мызғымас беріктігінің бір бөлшегі.

Күндердің бір күнінде оған жаңа тапсырма берілді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы Инженерлік құрылыстар мен қоршауларды дайындау жөніндегі бөлімшесінің аға технигі аға сержант Василий Ковтун әрбір жұмысын ерекше жауапкершілікпен атқаруға дағдыланған.



Бұрын-соңды болмаған күрделі құрылым жасау керек болды. Жаңа пирамида әлдеқайда ыңғайлы, заманауи және қорғау деңгейі жоғары болуы тиіс. Бұл – бөлімше үшін үлкен сынақ еді. Көптеген әріптестері бұл жобаның күрделілігінен сескеніп, мұндай тапсырманы орындаудың қиын екенін айтты. Бірақ Василий Николаевич өз ісіне сенімді еді. Ол

алдымен сызбаларды зерттеп, қажет бөлшектерді дайындады. Одан кейін, тобының әр мүшесіне нақты тапсырмалар беріп, жүйелі жұмысты бастап кетті. Күндіз-түні жұмыс істеп, есептеп, қайтадан өлшеп, кеткен қателіктерді қайта түзеді. Ақыры аталған бөлімше өздеріне жүктелген маңызды міндетті абыроймен орындап шықты. Жаңа үлгідегі қару-жарақ сақтау пирамидасы шекарашылардың барлық қажеттіліктеріне сай келді.

Бұл жеңіс тек Василий Николаевичтің ғана емес, бүкіл бөлімшенің жетістігі болды. Олар тек қана металл дәнекерлеп қана қоймай, топтық адал еңбектері арқылы өлімсіздігіне қауіпсіздігіне үлес қосып жатқандарын ұғынды.

Василий Николаевичтің басты мақсаты – ісіне деген шексіз құрмет пен мемлекет қауіпсіздігіне қосып жүрген үлесі. Ол ешқашан үлкен мінберлерден сөз сөйлемеді,

үлкен марапаттарды да ойламайды. Оның ең басты жетістігі – сенімді, мықты, ұзақ жылдарға шыдайтын құралдар жасау.

Темірге жан бітірген шебердің өмірі осылайша шекара күзетінің мызғымас бекінісіне айналуға!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет басқармадан.**

көру, оған бар бос уақытыңды арнау», – дейді аға нұсқаушы. Ол төрт ай бойы қызметтік иттерді жаттықтыру курсынан өтіп, осы уақыттың барлығын өзінің серігіне арнағанын ерекше еске алады: «Оқу кезінде мен төрт ай бойы өз итіммен жұмыс істедім. Бұл уақыт маған көп нәрсе үйретті, тәжірибемді шыңдады». «Қызметтік итті жаттықтыруды кинолог өзі белгілейді. Егер мен итімнің әлсіз тұстарын байқасам, жаттығуларды күшейтемін, тапсырмаларды еш күмәнсіз орындауы үшін қосымша дайындық жүргіземін», – дейді Лизунов.

Шекарашы кинолог ретінде ол мектеп оқушылары үшін көрсетілімдік сабақтар да жиі өткізетін көрінеді.

«Кинолог пен оның иті арасындағы өзара түсіністік өте маңызды. Алдымен итпен байланыс орнату керек, содан кейін барып жаттығуды бастауға болады. Ең бастысы – итті уақытылы және дұрыс мадақтай білу. Мен үшін шекарашы болу – үлкен мәртебе. Қызметіме отбасым мен жақындарым мақтанышпен қарайды» – деп ағынан жарылды кіші сержант Лизунов.

Ал жақсы кинолог болу үшін маңыздысы не деген сауалыма: «Жақсы кинолог болу үшін ең бастысы иттің жақсы көру, оған дұрыс күтім жасап, ең жақын досыңдай қарау» – деген жауап алдым. Шекарашы кинологтың осы сөздерінен мен ит пен адам арасындағы шексіз сенім мен өзара түсіністікті байқадым. Шекараны қорғауда ит сенімді серік болса, ал кинолог оның қиын адал досы. Осындай үндестікте олар бірге биік жетістіктерге жетері сөзсіз.



**Майор Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР».
Сурет департаменттен.**

ШЫНШЫЛ АЗАМАТ

Қазақстанның шекарасын күзетіп, ел тыныштығын қамтамасыз ету – үлкен жауапкершілік пен ерлікке пара-пар еңбек. Осындай міндетті адал атқарып келе жатқан азаматтардың бірі – Думан Каттебаев.



1992 жылы 26 ақпанда Семей облысының Аякөз ауданында дүниеге келген Думан Қазбекұлы балалық шағын Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданының Доскей ауылында өткізді. 1999 жылы Қарағанды қаласына көшіп, №36 орта мектепте білімін жалғастырды. 2007 жылы 9-сыныпты аяқтап, Қарағандыдағы «Болашақ» колледжіне «құқықтану» мамандығы бойынша оқуға түсті. Білім жолын жалғастырып, 2012 жылы осы оқу орнының университетіне түсіп, 2016 жылы заңгер дипломын қолына алды.

Жастарға тән елге қызмет етсем деген патриоттық сезіммен Думан Қазбекұлы 2010 жылы әскер қатарына шақырылып, 97617 әскери бөлімінде қызмет атқарды. Қызмет барысында өзін жақсы қырынан көрсетіп, кіші сержант әскери атағын иеленді. Сап-

тағы міндетін абыроймен атқарып, 2011 жылы запасқа шыққаннан кейін де, Отан алдындағы борышын шынайы жауапкершілікпен жалғастырды.

2013 жылы Думан Қазбекұлы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне жұмысқа қабылданып, ел шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне белсене араласты. Алғашында 2014 әскери бөлімінің «Астана» шекаралық бақылау бөлімінде кіші бақылаушы болып бастаған ол, бір жылдан соң «Қарағанды» бөліміне жауапты орындаушы қызметіне ауысады.

2015 жылдан бастап 2023 жылға дейін Думан әкімшілік жұмыс бойынша бақылаушы лауазымында қызмет атқарып, өз кәсібінің майталманына айналды. Қазіргі таңда да «Астана» шекаралық бақылау басқармасының «Қарағанды» бөлімінде абыроймен еңбек етіп келеді.

Думан кәсібилігі мен қырағылығының арқасында шекарадан өткен жолаушыларды бақылап, көші-қон заңнамасын бұзған 9 азаматты анықтаған. Жалған мөрлер мен рұқсат қағаздарын пайдаланған 6 шетел азаматының жолын кесті. Сонымен қатар, елімізден шығуға тыйым салынған 8 адамның елден шығуын болдырмай, бір азаматтың өзгенің құжатымен өту әрекетін әшкерелеген.

Қырағы шекарашы отбасында да жауапты әке, сүйікті жар. Жұбайы – Әселмен екі қыз тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы.

Басшылықтың оң көзқарасындағы кіші сержант Д.Каттебаев – тек шекара шебіндегі қызметкер ғана емес, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген іске адал, шыншыл және батыл азамат. Осындай жалынды қызметкерлер – тәуелсіз еліміздің мызғымас тірегі.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
 Сурет шекаралық бақылау басқармасынан.

«ТЕДДИ» МЕНІҢ ДОСЫМ...

«Тедди» менің досым... деген сөздерден басталды. Алғаш шекара бөлімшесінің кинолог маманымен танысығанымда. Ол өзінің қызметтік итіне ерекше достық көзімен қарайды.

Қазақ «Ит адамның досы» және «ит жеті қазынаның бірі» деп текке айтпаған. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Меркі ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Аспара» шекара



бөлімшесінің ит нұсқаушысы кіші сержант Елдар Ержанұлы Сансызбаевтың «Тедди» лақап атты қызметтік иті бұған дәлел.

Шекара қызметінде қызметтік иттер ерекше рөл атқарады. Олар тек серік емес, қырағы күзетші, шекара бұзу қауіпінің алдын алатын сенімді қорғаушы.

Кіші сержант Елдар Сансызбаев 2015 жылдан бері Отан шебінде. Ит нұсқаушысы мамандығын өз еркімен таңдаған ол бүгінде шекара бөлімшесінде маңызды қызметін атқарып келеді. Оның серігі «Тедди» – арнайы жаттықтырылған қызметтік ит, шекара бұзушылардың әрекетін иіс сезу арқылы шебер із кесуші. Қызметтік итті жаттықтыру – ұзақ, әрі күрделі процесс. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқарма-

сында иттерді күшік кезінен қызметке шыңдап, нақты пәрмендерді орындауға үйретеді. Әрі қарай қызметтерін шекара бөлімшелерінде өткереді. Ит нұсқаушысы Елдар Сансызбаевтың айтуынша «Тедди» күшік кезінен отыру, жату, келу секілді қарапайым бұйрықтарды ғана емес, бөгде дыбыстарға реакция білдіру, із кесу, шекара бұзушыларды ұстау сияқты күрделі тапсырмаларды да орындай алатын. Әзірге қызметтік иті бір мезет болсада иесінің көңілін қалдырмаған.

Шекараға шығар алдындағы жаттығу – шекараны сапалы күзетуге ықпалын тигізеді. Себебі шекарадағы көз келген жағдай тез шешім қабылдауды талап етеді. Кіші сержант Елдар Сансызбаев және «Тедди» бірге жаттығып, бірге қызмет етеді. Ит тек бұйрық орындаушы емес, ол – шекара күзетінің ажырамас бөлігі. Дұрыс дайындалған қызметтік ит – бұл шекара қауіпсіздігінің

көпірі. Кіші сержант Елдар Сансызбаев үшін әр жаттығу – тек міндет емес, бұл оның өмірлік таңдауы. Ал «Тедди» – сол жолдағы сенімді досы.

Мемлекеттік шекараны күзету – ел қауіпсіздігін қорғаудың маңызды міндеті. Кіші сержант Елдар Сансызбаев пен оның сенімді досы «Тедди» шекара шебіндегі қырағы сақшылар. Осындай шекара бөлімшелеріндегі үздік мамандар – Шекара қызметінің мақтаншылары.



Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
 Сурет шекара бөлімшесінен.

ҮЗДІК МАМАН

БАТЫР БОЛМЫС

Түнгі аспан бұлтсыз, жұлдыздар жарық шашып тұр. Кезекті жауынгерлік қызметті қабылдауға дайындалған ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнаулы мақсаттағы басқарманың Астана қаласындағы бөлімінің кіші сержанты Талғат Әйтен қаруын оң иығына асып, тыныштықты жіті бақылап келеді. Қайдан екені белгісіз. Шекара шебінде кезекшілікке тұрған сәттері есіне түсті. Өткен күндер елесі көз алдында өтіп жатты...

Майтөбе ауылында дүниеге келген Талғат бала күнінен алғыр, батыл болатын. Кішкентай кезінен-ақ шыдамдылық пен тәртіпті бойына сіңірді. 9-сыныпты аяқтаған соң, өмірдің жаңа белесін бағындыру үшін Ақыртөбе ауылындағы колледжге оқуға түсті.

Дөңкерлеуші мамандығын игерген соң, еңбекке араласып, жұмысын қарапайым жұмысшыдан бастады. Дегенмен, жүрегіндегі әскери қызметші болғысы келген құштарлығы оны тоқтата алмады. Әскерге бару оның бала күнгі арманы еді.

Жасы жеткен бойда Отан алдындағы борышын өтеу үшін Алматы қаласындағы 2021 әскери бөліміне аттанды. Қатал тәртіп, үздіксіз жаттығулар, жауапкершілік - барлығы да оны шыңдай түсті. Әскердегі бір жыл оның өмірін түбегейлі өзгертті. Ендігі кезекте елін қорғау жолында қызмет етуге бел буды.

Әскери қызметі Қордайдағы 2038 әскери бөліміне жұмысқа орналасумен басталды. Шекарашы атану - ер жігітке сын екені белгілі. Оның алдына қойылған міндет – елдің шекарасын қорғау, заңсыз әрекеттерге тосқауыл болу. Арада бірнеше жыл өткенде Талғат әскери қызметте өзінің нағыз жауынгер екенін дәлелдеді.

Шекара нарядының құрамында жүр-



ген кезде әр жылдары қырағылығының арқасында шекара бұзушыларға тосқауыл бола білді. Атап айтар болсақ, 2020 жылғы наурыз айының түнгі сағат үштің шамасы болатын. «Бетқайнар» шекара заставасында мемлекеттік шекараны күзетіп жүрген Талғат пен оның серіктестері заңсыз жүк тасымалын байқап қалады. Қырғызстаннан Қазақстанға заңсыз темекі өткізуге әрекет жасағандарды тоқтатып,

елдің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Бұл – оның алғашқы маңызды операцияларының бірі еді.

2021 жылы ол тағы бір ірі шекара бұзушыларды ұстаудың бел ортасынан табылды. «Қордай» шекара заставасы аумағында ел шекарасын заңсыз бұзып өткен он екі шетелдік азаматтарды ұстауға қатысты. Мұндай сәттерде шекарашының батылдығы мен қырағылығы шешуші рөл

атқарды.

2023 жылғы тамыз айында Талғат Астана қаласына шақырту алды. Арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөліміне жауапты қызметке тағайындалды. Бұл - жауапкершілігі жоғары, нағыз кәсіби шеберлікті талап ететін қызмет.

Жаңа орта. Жаңа міндеттер. Талғат Пернебекұлы әрдайым өз ісінің нағыз маманы екенін дәлелдей білді. Оның дәлдігі мен қырағылығы қаруластарының арасында құрметке ие.

2023 жылғы желтоқсан айы – Талғат үшін ерекше күн. Ол отбасын құрды. Кәсіби өмірінде биік шыңдарды бағындырып келе жатқан жауынгердің жеке өмірі де баянды болды. Қазір оның сүйкімді ұлы бар. Ұлына әрдайым елін сүюді, адал болуды үйретеді. Себебі шекараны қорғау - тек сарбаздардың ғана емес, әр азаматтың міндеті.

Кіші сержант Талғат Әйтен - ерлік пен адалдықты жаны сүйген шекарашы. Ол өз өмірін Отан қорғауға арнауда. Талай қауіп-қатерден өтсе де, өз миссиясына адал болып қала береді. Оның жолы - кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

...Жұлдыздар түнгі аспанда жарқырай түсті. Талғат қаруын асынып, тыныштықты тыңдап тұр. Кезекшілігінің қалай өтері белгісіз. Бірақ ол әрдайым сергек, әрі сақ.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
 Сурет басқармадан.

ШЕКАРАНЫҢ СЕҢІМДІ ҚОРҒАНЫ



Күн әдеттегідей қоңыр салқын. Шекаралық бақылау алаңында сержант Амантай Оспанбаев сапта тұр. Ол көкжиекке қадала қарап, көз алдындағы тіршілікті жіті бақылайды. Сарбаз болу – бала күнінен арман еткен кәсібі еді. Сол арманы оны бүгінгі Отан қорғаушылар сапына қосып, шекара шебін күзетуге алып келді...

бел буды. Осылайша, Шекара қызметінің 2091 әскери бөліміне келісімшарт бойынша жұмысқа орналасты.

Күндер өтуде... Әр шекарашы үшін уақыттың әр секунды қымбат. Амантай Беймбетұлы үшін де бұл қызмет тек қарапайым жұмыс емес - өмірінің мәні. Бірнеше рет шекара заңын бұзушыларды, күмәнді жүктерді анықтап, шекара шебіндегі тәртіпті мүлтіксіз орындады. Қырағылығы мен адалдығы үшін түрлі марапаттарға ие болды.

Кезекті қызметті ұйымдастыру барысында ол кешқұрым жолаушылардың жүктерін тексере бастайды. Көп жылғы тәжірибесі оған лауазымдық міндеттерін қырағылықпен орындауға үйреткен. Сол күні қалтарысқа тығылған бірнеше кітапты байқады. Тереңдетілген тексеру барысында заңға қайшы келетін діни кітаптарды анықтады. Ал келесі бір ретте шекарадан жасырып өтпекші болған контрабандалық әшекей бұйымдарды тапты. Жауынгерлік қызметті ұйымдастыруда төгілген маңдай тері еш кетпеген сержант Амантай Оспанбаев лайықты бағасын алуда. Өткен жылдары әскери бөлім бойынша өткізілетін «Жыл

сержанты» сайысында I орынды иеленді.

Амантай Беймбетұлы – отбасының мақтанышы. 2012 жылы өмірлік серігімен шаңырақ көтерді. Бүгінде үш баланың әкесі. Алматыдан әскери бағдарлама арқылы баспана алып, тату-тәтті өмір сүріп жатқан бақытты жанұя. Қызын ханшайымдай мәпелеп, ұлдарын болашақ Отан қорғаушы ретінде тәрбиелеуде. Бос уақытында отбасымен табиғат аясына серуендеуді әдетке айналдырған.

Болашаққа жоспары айқын: кәсіби біліктілігін арттырып, ел шекарасын мейлінше берік қорғау. Өзі сияқты жас сарбаздарға үлгі болып, тәжірибесімен бөлісу. Отан үшін адал қызмет ету - оның басты міндеті. Қарапайым сарбаздан шекара сақшысына дейінгі жолы – оның қайсарлығын, еліне деген сүйіспеншілігін дәлелдейді.

...Сержант Амантай Оспанбаев шекара шебінде тұр. Қараңғы түскенмен, оның жүрегіндегі жарық сөнбек емес. Ол - ел тыныштығының күзетшісі, шекараның сенімді қорғаны.

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
**Сурет шекаралық
бақылау басқармасынан.**

КӘСІБИ КИНОЛОГТАР ТОП ЖАРДЫ

ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының кинологтарын алда халықаралық сайыс күтіп тұр. Ал осынау аламанға дайындық қазірден басталып кеткен болатын. 25-31 наурыз аралығында өткен іріктеу – осының нақты айғағы бола алады.



Аталған басқарманың оқу полигонында өткен іріктеуге қатысушылар үш номинация бойынша сайысты. Атап айтар болсақ, қызметтік итін ізге салу, есірткі және жарылғыш заттарды іздеу, шекара бұзушы немесе қылмыскерді ұстау бойынша кинологтар мен оларға бекітілген қызметтік иттерінің тәжірибелері мен машықтары сарапқа салынды. Ал мықтылық танытып, жеңіске жеткендер ТМД-ға мүше елдердің шекарашы кинологтарының Ресей Федерациясының Вязьма қаласында өтетін сайысына қатысуға жолдама алды.

Басқарманың оқу полигонында өткен жарыс кезінде кинолог мамандар аянып қалған жоқ еді. Олардың иттері жұмысқа қабілеттері зерек, іздеуге, ізге түсуге, шекара бұзушыны ұстау үшін қажет болса шақырымдарды еңсеруге, биіктікке мініп, секіруге дейін шебер үйретілген. Сондықтан, бес күнге созылған өзара сайыс кезінде кинологтар мен олардың қызметтік иттері шеберліктері жағынан бір-бірінен асып түсті.

Алайда, медальдің екі жағы болатыны секілді кез келген жарыстың жеңімпазы болады. Сонымен «Іздеу қызметі» номинациясы бойынша келісімшарт қызметінің ефрейторы Ф. Жекебатыр (қызметтік иті Рамос) 265 ұпай жинап, бірінші орынды жеңіп алды. Ал есірткі затын іздеуге машықтандырылған қызмет иттерінің жарысында келісімшарт қызметінің сержанты А. Діпманов (қызметтік иті Ридик) 391 ұпаймен алға суырылып шықты.

Үшінші номинация бойынша кинологтар енді жарылғыш заттарды іздеу бойынша сайысқа түсті. Мұнда келісімшарт қызметінің кіші сержанты Т. Расбеков өзіне бекітіліп берілген қызметтік иті Сатинамен топ жарды. Кинолог оқиға орнын тінту, ғимарат және көліктерден сақтау және алып жүруге қатаң тыйым салынған жарылғыш заттарын табудан дараланды. Оның жинаған 200 ұпайы кинологқа жеңіс әперген. Дегенмен, іріктеуге қатысушылар мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы қыркүйек айында өтетін халықаралық сайысқа дайындықтарын шыңдай түсетін болады.

...Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік шекарасына кинологтар мен қызметтік иттерін дайындау секілді маңызды міндет арқалаған Қызметтік кинология басқармасына қатысты тағы бір жағымды жаңалық, мықты кинологтар шоғырланған ұжым Алматы қаласында жиі өтіп тұратын асыл тұқымды иттердің көрмесінен жұлдесіз оралып көрген емес. Басқарманың осындай жетістіктері туралы газеттің алдағы нөмірлерінде қалам тербейтін боламыз.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».**
**Сурет басқарма
мұрағатынан.**

КОГДА ЗАЩИТА РОДИНЫ – СЕМЕЙНАЯ ПРОФЕССИЯ

Сержант Еркебулан Аулетов – человек, который посвятил свою жизнь охране рубежей Родины. Служба на границе – это его осознанный выбор, корни которого уходят в семейные традиции. Родители Еркебулана долгие годы проработали в районном военкомате: мать – 24 года, отец – 18 лет. Возможно, именно эта семейная атмосфера, пропитанная духом воинского долга, определила его дальнейший путь.

Родился Еркебулан в поселке Торгай Жангельдинского района Костанайской области. В родном селе окончил среднюю школу им. Н. Иванова, а затем уехал в областной центр, где поступил в Костанайский сельскохозяйственный колледж, и получил профессию ветеринара. Но судьба привела его в ряды Пограничной службы.

В 2008 году он был призван на срочную военную службу в войсковую часть 2035 Таразского пограничного отряда. Именно здесь Еркебулан осознал, что армейская дисциплина, преданность делу и защита Родины – это то, чем он хочет заниматься всю жизнь. Поэтому, завершив срочную службу, он начал собирать документы для работы по контракту. В сентябре 2010 года поступил на военную службу в пограничное отделение в пограничное отделение «Бирлик».

За эти годы Еркебулан Аулетов прошел значительный путь профессионального роста и получил несколько наград. Сначала он окончил сержантские курсы в Алматы. А через три года занял второе место по отрядам «Лучший сержант». Но не остановился на достигнутом результате и продолжил обучение.

Профессионализм и лидерские качества Еркебулана не остались незамеченными. По итогам 2024 года его признали «Лучшим начальником мобильной группы» Департамента ПС КНБ по Костанайской области.

Стоит отметить, что Еркебулан Аулетов не только опытный пограничник, но и хороший отец и семьянин. В 2013 году он создал свою семью, и сегодня вместе с супругой



Даной они воспитывают двух сыновей – десятилетнего Муслима и маленького Ұлана.

До армии Еркебулан активно занимался спортом: қазақша күрес и легкой атлетикой. Спортивная закалка помогает ему в службе – ведь для пограничника физическая подготовка играет важную роль. Он продолжает поддерживать себя в форме, а также передает свой опыт молодым военнослужащим.

Сержант Аулетов – человек, который видит в службе не просто работу, а призвание. Его история – это пример того, как труд, дисциплина и любовь к Родине приводят к успеху. Сегодня он – опытный командир, наставник для молодых бойцов и достойный представитель Пограничной службы Казахстана.

– Для меня служба на границе – это не просто работа, а призвание. Каждый день, выходя на границу, я помню о том, что благодаря слаженной и профессиональной работе всей Пограничной службы страны и нашей команды в том числе, удается сохранять порядок и безопасность в стране, – добавил Еркебулан Аулетов.

**Лейтенант Н. САКЕН,
«OS-ЧР».**
**Фото из личного архива
Е. АУЛЕТОВА.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЕБЕР

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Лепсі» шекара бөлімшесінің электр дизельшісі қызметші Ринат Курмаев - өмірі мен еңбегі бір арнаға тоғысқан еңбекқор жан. Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Қабанбай ауылының тумасы. «Жеті жұрттың тілін біл» демекші, өзі татар ұлтының өкілі болғанымен, қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген жан.

Жастайынан еңбексүйгіш болып өскен Ринат Каюмович болашағын техникалық мамандықпен байланыстырады. Дзержинский атындағы ауыл шаруашылығы орта кәсіптік-техникалық училищесінде тракторист мамандығын меңгереді. Алайда, мұнымен тоқтап қалмай, көлік жүргізушісі және омарташы курстарын оқиды. Қабілетін жан-жақты көтереді.

Техникалық салаға ерекше қызығушылық танытқан маман тек тракторист ғана емес, сонымен қатар, электр дәнекерлеуші, слесарь, токарь және ағаш ұстасы сияқты бірнеше кәсіптің қыр-сырын меңгереді. Осындай шеберлігі мен табандылығы оны 2003 жылы «Лепсі» шекара

бөлімшесіне қызметке әкелді. Содан бері электр дизельшісі ретінде абыройлы еңбек етіп келеді.

Шекара бөлімшесінде жұмыс істеу тек кәсіп ғана емес, үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететіні мәлім. Ринат Каюмович осы қасиеттерімен әріптестері арасында ерекше құрметке ие. Ол дизель қондырғыларының үздіксіз жұмыс істеуін қадағалап, шекарашылардың электр қуатымен тұрақты қамтылуын қамтамасыз етті. Оның еңбегі - ел тыныштығын сақтауға қосқан үлесінің бір бөлшегі.

Ринаттың адалдығы мен қажырлы еңбегі тек жұмыс орнында ғана емес, тұрмыста да айқын көрінеді. Ол өзінің қолөнер шеберлігімен ауылдастарына көмектесіп,

өз білімі мен тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес. Оның бойындағы жауапкершілік, еңбекқорлық және адамгершілік қасиеттері – өзгелерге үлгі.


Өмірінің мәнін адал еңбек пен ізденіске арнаған дизельші Ринат Курмаев – өз ісінің шебері, адал қызметкер және үлгілі азамат. Ол тек бір салада емес, бірнеше кәсіпті меңгерген жан-жақты маман, шекара қызметінің еңбек адамы. Оның өмір жолы – қара жұмыстың қадірін түсінетін, білім мен тәжірибені ұштастыратын әрбір адамға өнеге боларлықтай тағылымды тарих.

**Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.**



ІС ЖҮРГІЗУШІ – ЖАУАПТЫ ӘРІ МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚ

«Жаңғызтөбе» жабдықтау басқармасының жауынгерлік дайындық және әскерлер тобының іс жүргізушісі Дәкебаева Сәуле Нартаевна – өз ісіне жауапты, кәсіби маман. Ол өзінің еңбек жолында әртүрлі қызметтер атқарып, мол тәжірибе жинаған, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары маман.



алғыс хатпен марапатталған. Бұл оның еңбекқорлығы мен кәсіби шеберлігінің дәлелі.

Сәуле Нартаевна әріптестері арасында тәртіптілігімен, еңбексүйгіштігімен және тиянақтылығымен ерекшеленеді. Оның жұмысқа деген адалдығы мен ұқыптылығы – жас мамандарға үлгі.

Сәуле Нартаевна 1971 жылы 28 тамызда Семей қаласында дүниеге келген. Балалық шағы Шұбартау ауданы Баршатау ауылында өтті. Ол 1988-1990 жылдары Бородулиха ауданындағы медициналық училищеде білім алып, медбике мамандығын меңгерді. Еңбек жолын Жаңғызтөбе станциясындағы ауруханада медбике болып бастады, кейіннен түрлі қызметтерді атқарып, қазіргі таңда жауынгерлік дайындық және әскерлер тобының іс жүргізушісі болып еңбек етуде.

Сәуле Нартаевна өз жұмысында ресми құжаттарды даярлау, тіркеу және сақтау, кеңсе құжаттарының дұрыс рәсімделуін қадағалау, әскери бөлімнің жауынгерлік дайындық жоспарларын құжаттандыру, келіп түскен хат-хабарларды өңдеу және оларды тиісті бөлімдерге жеткізу, кеңсе жұмысын тиімді ұйымдастыру сияқты міндеттерді атқарады.

Көпжылдық тәжірибесі бар Сәуле Нартаевна құжат айналымының қыр-сырын жетік меңгерген, әскери бөлімнің ішкі тәртібін және әкімшілік рәсімдерін жақсы білетін маман. Ол өз жұмысында жауапкершілікті, тәртіптілікті және жоғары ұйымдастырушылық қабілетті көрсетіп келеді.

Оның еңбегі басшылық тарапынан жоғары бағаланып, Шекара қызметі директорының құқығымен бағалы сыйлық және



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР»
Сурет
басқармадан.**

ОТ ТАНКОВ ДО ГРАНИЦЫ

Защита границ государства – это не только работа военнослужащих, но и труд гражданских специалистов, которые обеспечивают бесперебойное функционирование службы.



Один из таких людей – Еркін Магауянов, служащий пограничного отделения «Ұялы» пограничного отдела «Кішкенекөл» Департамента ПС КНБ по СКО. Его вклад в безопасность страны не измеряется километрами пройденных дорог и пограничных троп, но без его работы невозможна эффективная охрана рубежей.

Еркін Мухтарович связал свою жизнь с Пограничной службой в далеком 2003 году с момента открытия пограничного отделения, имея за плечами опыт в деле агрономии и срочную службу в танковых войсках. Срочная служба на заре 90-х годов в городе Кушка Туркменской ССР, в должности старшего механика в танковом полку не только подарила основы технической специальности, но и закалила характер, научила ответственности, дисциплине и командной работе. Этот опыт стал для Еркіна Магауянова прочным фундаментом в будущей профессиональной деятельности.

С самого начала своей службы он

проявил себя как ответственный и целеустремленный специалист. Его заботливыми и умелыми руками были созданы все здания, строения, укрепления и сооружения в пограничном отделении.

– Несмотря на свои годы, он работает с такой энергией, что многим молодым остается только учиться у него. Его трудолюбие, дисциплина и преданность делу – достойны восхищения, – отмечает начальник пограничного отделения капитан Дастан Сәкиев.

Еркін Магауянов всегда находит время для семьи. Вместе с супругой Бекзат он воспитывает 4 детей, прививая им трудолюбие, честность и патриотизм.

– Мы всегда гордились его трудолюбием и преданностью делу. Знаем, как важна его работа, и стараемся



поддерживать его во всем, чтобы дома он чувствовал тепло и заботу, – говорит супруга Бекзат Хасеновна.

Магауянов Еркін Мухтарович – человек, который доказывает: служение Родине бывает разным. Его работа остается за кадром, но без нее невозможна эффективная охрана границы. Он – один из тех, кто делает службу сильнее, оставаясь верным своему делу и семье.



**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».
Фото из личного архива
Е. МАГАУЯНОВА.**

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ – ОТАНҒА АДАЛДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Нұрлан 9-сыныпқа дейін Аман атындағы мектепте білім алып, 2006 жылы Евразиялық техникалы-гуманитарлық колледжге түсіп, «Техник» мамандығы бойынша оқуды 2009 жылы аяқтады. Бірақ білімін одан әрі жалғастыруды мақсат еткен ол Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетте «Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім алды. 2024 жылы Алихан Бөкейхан университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша диплом алды.

Нұрлан бала күнгі арманын іске асыру үшін 2011 жылы 2484 әскери бөліміне келісімшарт бойынша қызметке кірді. Алғашқы қызмет орны – «Селті» шекара заставасы, онда ол кавалерист лауазымында жұмыс істеді. Әскердегі тәжірибесін арттыру мақсатында 2012 жылы Алматы облысындағы Қараой шекарашылар даярлау орталығында аға нұсқаушы курсына тәмамдады.



2013-2014 жылдары «Шыңдалы» шекара заставасында аға нұсқаушы лауазымында қызмет етті.

2014 жылы келісімшарт мерзімі аяқталған соң, 2098 әскери бөліміне ауысып, Бородулиха ауданы,

Нұрлан Жайлаубаев – әскери қызметке жан жүрегімен берілген, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қажырлы еңбек етіп жүрген азамат. Ол 1990 жылдың 22 маусымында Семей қаласында дүниеге келген. Балалық шағы Бородулиха ауданы, Петропавловка ауылында өтті.

«Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесінде аға нұсқаушы болып қызмет атқарды. Кейінірек, 2014 жылдың желтоқсан айында «Ауыл» теміржолдық шекара бақылау бөлімшесіне ауыстырылып, 2017 жылға дейін сол жерде қызмет етті. Бұл кезеңде ол өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіріп, шекара күзетінде бірнеше маңызды жетістіктерге жетті.

2018-2022 жылдары «Байтанат» автомобильдік шекара бақылау бөлімшесінде қызмет атқарып, мемлекеттік шекараны қорғау ісіне елеулі үлес қосты. 2023 жылдан бастап «Ауыл» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімшесінде аға нұсқаушы ретінде еңбек етіп келеді.

Нұрлан Жайлаубаев отбасына берік жан. 2016 жылы Айгерім

Сәкенқызымен шаңырақ көтерді. Жолдасы 45-жалпы орта білім беретін мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет етеді. Олардың екі ұлы бар: Нұрболат – 2-сынып оқушысы, Абзал – 1-сынып оқушысы. Нұрлан жұмыстың қауырттығына қарамастан, отбасына көңіл бөліп, ұлдарына дұрыс тәрбие беруді ең басты мақсаты санайды.

Кіші сержант Жайлаубаев Нұрлан шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңсыз тасымал мен шекара бұзушылықтың алдын алу, шекаралық бақылау бекетінің тәртібін сақтау бағытында үлкен жауапкершілікпен жұмыс атқарады.

Нұрлан үшін шекара қызметі – қарапайым жұмыс емес, бұл оның бала күнгі арманы, үлкен

жауапкершілік пен құрметке лайық қызмет. Ол өзінің жеке дамуымен қатар, жас шекарашыларды тәрбиелеу, олардың кәсіби қабілеттерін арттыруға үлес қосу сынды міндеттерді де абыроймен атқаруда.

Қызмет барысында шекараны заңсыз кесіп өту әрекеттерін болдырмау және күдікті жолаушыларды анықтау бойынша бірнеше рет өз шеберлігін дәлелдеді. «Мемлекеттің тұтастығы – оның шекарасынан басталады» деген қағиданы берік ұстанған кіші сержант Жайлаубаев Нұрлан ел тыныштығын күзетудегі өз миссиясын абыроймен жалғастыруда.

**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет басқармадан.**

ТЕМІР ТҰЛПАР – ШЕКАРА КҮЗЕТІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ



Мемлекеттік шекараны күзету – үлкен жауапкершілік пен ерлікті талап ететін міндет. Бұл қызметте әр шекарашының рөлі маңызды. Жамбыл ауданына қарасты «Жасөскен» шекара бөлімшесінің жүргізушісі, ефрейтор Асылхан Әлімханов өз ісіне адалдығымен және кәсібилігімен ерекшеленеді.

Шекара бөлімшесінде жүргізуші болу – тек көлік басқару ғана емес, ол үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап етеді. Қиын жол жағдайларында, әсіресе шекараның таулы, батпақты жолдарында жеке дара өмірінен бөлек қасындағы қарулас достарының өміріне де жауаптысың. Техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көліктің үздіксіз жұмысын қадағалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына зейін қойып тұруы қажет.

Ефрейтор Асылхан Әлімхановқа УАЗ-390945 «Фермер» қызметтік көлігі бекітілген. Ол осы көлікпен шекара нарядтарын белгіленген орындарға жеткізіп, мемлекеттік шекараны күзетуді үздіксіз қамтамасыз етеді. Шекара шебін бұзушыларды ұстау барысында, жедел түрде әрекет ету – оның негізгі міндеттерінің бірі. Дабыл тобы құрамында шекара бойындағы шекаралық іздеу және ұстау, сонымен қатар шекара бұзушы тұтқынын уақытша ұстау орындарына жеткізеді.

Шекараны күзету – үздіксіз, тынымсыз және үлкен жауапты қызмет. Сол себептен шекара бөлімшесінің жүргізушілері шекараның беріктігі мен қауіпсіздігін нығайтуға үлкен үлестерін қосып, мемлекеттің тұтастығын қамтамсыз етудегі маңызды мамандық иелері.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.**

ЕЛ ҚОРҒАУДЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖОЛЫ

Қатардағы жауынгер Алмас Абылқаиров ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Ақшоқы» шекара бөлімшесінде «Күз-2024» шақырылымымен әскери борышын өтеп жүрген жауынгер, Отан алдындағы парызын абыроймен орындауда. Оның өмір жолы мен әскери қызметтегі жетістіктері – әрбір жас сарбаз үшін үлгі.

Алмас 2001 жылы 20 тамызда Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылында дүниеге келген. Ол Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектепте 2008-2017 жылдары білім алып, кейін Семей қаласындағы Техника-экономика колледжінде жүк тасымалдау мамандығы бойынша 2021 жылы оқуын тәмамдаған. Бүгінде әскери борышын өтеу барысында шекарашылардың қатаң тәртібі мен темірдей тәртіпке негізделген өмірінің қаншалықты маңызды екенін түсініп, ерік-жігерін шыңдап келеді.

Әскери қызметке қабылданған алғашқы күннен бастап Алмас нағыз сарбазға тән төзімділік, батылдық және жауапкершілікті сезінуге үйренді. Қызмет барысында ол: шекараны күзетудің тактикалық негіздерін меңгерді, әскери қару-жарақ пен техниканы қолдануды үйренді, дене шынықтыру және жауынгерлік дайындықтарын арттырды, топпен жұмыс істеуді, бауырмалдық пен достықтың қадірін түсінді.

Қатардағы жауынгер Абылқаиров Алмас Медетович – шекара қызметіндегі адалдық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Ол әскери қызмет барысында қиындықтарға мойымай, шекара күзетінің қырағы сарбазы атанды. Оның тәртіпке бағынуы, батылдығы, шекара шебіндегі сенімді қызметі – нағыз Отан қорғаушысына лайық қасиеттер.

«Шекараны күзету – тек жауынгерлік міндет емес, елдің тыныштығы мен болашағын қорғау» – бұл Алмас үшін өмірлік қағидаға айналды.

Алмас үшін әрбір әскери жолдасы бір мақсатқа жұмылған сенімді серік. Әскери бөлімдегі өмір барысында ол ұжыммен бірлесе әрекет етудің, қиын

сәттерде бір-біріне қолдау көрсетудің маңыздылығын толық түсінді.

Ол өзінің әскери борышын өтеу арқылы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына өз үлесін қосып отырғанын мақтан тұтады. Шекарашы болу – батылдық пен адалдықтың белгісі, сондықтан Алмас әрдайым өз қызметін абыроймен атқаруға тырысады.

Қатардағы жауынгер Абылқаиров Алмас Медетович әскери қызмет барысында нағыз ер азаматқа тән қа-



сиеттерді бойына сіңірді. Ол шекара қызметінде жүріп, тәртіптілік, батылдық, жауапкершілік және патриотизмнің маңызын терең түсінді.

Әскерден кейін ол алған білімдері мен дағдыларын өмірдің кез келген саласында пайдалануды көздейді. Шекарашы болу – мәртебелі міндет. Алмас бұл жауапкершілікті толық сезініп, әскери борышын абыроймен өтеуде.

Шекара қызметі – елдің қауіпсіздігі мен болашағын қорғау. Бұл – әрбір ер азаматтың қасиетті парызы. Алмас үшін бұл қызмет жігер мен табандылықтың, Отанға деген адалдықтың нағыз мектебі болды.

**Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет басқармадан.**

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Олжас Жақсылықов, Айдос Қырғызбаев

Аймақтық тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Жетісу - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет
Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердіс Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сақен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Өмірбат Айтәлі
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Ж. Кемел, А. Кирғизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

АУҒАН ЖЫРЫ...

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, он жылға созылған Ауған өрті, қазақстандық батальонның тәжік-ауған шекарасындағы ерліктері... Бұл туралы жүздеген мақалалар жазылып, қаншама кітаптар жарыққа шықты, ақындар жыр толғап, поэмалар арнады, әншілер сахна төрінде әуелете ән шырқады. Солардың ішінде бір ғана «Ауған жыры» атты ән жүректен шығып, жүректерге жетіп жатыр еді...



Жыл өткен сайын ұлы екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері азайып келеді. Алматыда жастары 100-ден асқан екі шекарашы ардагер ғана өмір сүріп жатыр. Осындайда «Немене жетістің, бала батыр, қариялар азайып бара жатыр», деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай, енді біраз жылдан кейін олардың да қатарымызда жүрмейтіні ашы да болса ақиқат. Оларға көзі тірісінде көмек көрсеткенге не жетсін?! Осыны түсінген ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің ұйытқы болуымен жеке құрам Ұлы Отан соғысының ардагері Николай Таратунин мен Михаил Уколовтардың үйлеріне барып, оларға азық-түлік қоржындарын үлестірді. Қарттарымызды қуанту – мұнымен шектелмекші емес. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған 80 игі шараның дені осынау ардагерлерімізді ұлықтауға арналған. Яғни, әскери оркестрдің демеуімен, соғыс жылдарындағы әндер орындалады. Тағы ән... Біз тағы да «Ауған жыры» деп аталатын әнге ораламыз. Оралуға асығамыз. Соғыс жылдарындағы әндер көп, Ауған өрті туралы да. Бірақ «Ауған жыры» біздің жүрегімізге ерекше еніп еді...

...Ақпан айы. ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының клубында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай өткен концерттік бағдарламаны сержант Дастан Сөнбаев аты да, заты да ерекше әнмен бастады. Мен елең ете түстім. Өйткені, мұнда барлығы бар еді: он сегізге тола салып, Ауған соғысына аттанған жас жігіттер, Кабулды қорғау үшін қаза тапқан жауынгерлер. Олар мұндай соғыстың неге керек екенін де сұраған жоқ еді, бар болғаны бұйрыққа бағынған. Шындық жатыр еді, шырқыраған... Ал осы әннің сөзін жазған Дархан Дәулетияров деген ақын, ал әнінің авторы Ерасыл Абдуалиев деген бауырымыз көрінеді.

Бұл әнді отставкадағы генерал-майор Марат Мажитов бастаған Ауған соғысының ардагерлері сол сәт қалай қабылдағанын білмейміз.

Бір анығы, Дастан осынау әнді тамаша орындап шығып еді. Сондықтан, концерт аяқтала салып, бұл кезде сахнаның артында өзінің қарбалас жұмыстарымен айналысып жатқан шекарашыны тауып алдық. Сосын көкейдегі сауалдарымыздың бірінен соң бірін қоюға кірістік.

«Әнші – мәңгі студент, өнерін дамыту үшін ол үнемі ізденісте жүреді». Мұны әлемдік опера жұлдыздарының бірі Мария Каллас айтыпты. Клуб бастығы сержант Дастан Сөнбаевтың да осы ойды ұстанатынын байқадық. Өзі жаңа ғана орындаған әннің тарихын сұраған кезімізде байқатты... «Мен үнемі жаңа әндер іздеп жүремін. Кез келгенін емес, әбден тыңдап барып, «өзімдікі» деген ойға бекінгенше тоқтамаймын...»

Әрине, бұл өзгенің еңбегін меншіктеп алу емес еді. Жан-тәнімен ұнатып орындау дегенді білдіреді. Қазақстанның танамыл жұлдыздары секілді Дастан да осы қағиданы ұстанады.

...Шекарашының өзіне келсек, ол Шекара қызметінің сапында 2010 жылдан бері екен. Мектепті бітірген соң өзінің азаматтық борышын ҚР Төтенше жағдайлар Министрлігіне қарасты әскери бөлімдердің бірінде өтеген соң бұрынғы Мақаншы шекара отрядының әскери оркестріне музыкант болып қабылданады. Өзі де осы өңірден, Үржар ауданының Егіндісу деген ауылынан. Ал бойындағы таланты туралы айтар болсақ, Дастан ешқандай музыкалық мектеп, өнер академияларын бітірмеген. Бар болғаны, оған әкесі Рашид ағамыздың бойындағы әншілік өнері дарыған.

Ал Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасындағы лауазымына 2016 жылы тағайындалып, содан бері алдымен «Шығыс» өңірлік басқармасының, 2020 жылдан бері Алматы облысы бойынша департаментінің аясында өтетін түрлі мерекелік, тақырыптық, шығармашылық кештердің ортасынан табылып келеді. Шекара басқармасындағы шаралардың Дастансыз өтпейтіні екібастан белгілі...

Иә, біздің жүрегімізді жаулап алған «Ауған жыры» әнінің қысқаша тарихы осылай болып келеді. Мұнда бәрі бар, Ауған жерінде мәңгілік қалған боздақтар, олардың қолымен жасалған ерліктер...

Айтпақшы, осындайда, Кеңес Одағы кезінде түсірілген «Курьер» фильмі еріксіз еске түседі. Әсіресе осы туындының соңындағы мына көрініс: өздерінің түнгі уақыттарын көшеде, би алаңдарында, үйлердің алдында ән тыңдап, билеумен өткізетін жастарға әскери формадағы жігіт қарап тұрады. Ойлы көздермен. Ал оның бетіндегі тыртық – жауынгердің Ауғанстаннан оралып келе жатқанын білдіретін еді. Айтпай-ақ...

Сержант Дастан Сөнбаев орындаған ән де осылай!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Суретті
түсірген автор.**

СПОРТИВНЫЙ ЧЕЛЛЕНДЖ – «НАСЛЕДНИКИ ПОБЕДЫ»



В честь 80-летия Победы в Великой Отечественной войне, а также с целью формирования у военнослужащих здорового образа жизни в Пограничной службе КНБ стартовала спортивная акция Challenge «Наследники Победы».

Условия челленджа символичны: участники выполняют восемь различных спортивных упражнений по десять раз, что в сумме составляет 80 повторений – в честь 80-летнего юбилея Великой Победы.

Акцию одними из первых поддержали офицеры, сержанты, старшины, солдаты и матросы Департамента ПС КНБ по Мангистауской области. Военнослужащие

гордимся!».

В ходе челленджа военнослужащие выполнили следующие упражнения: подтягивания на перекладине, отжимания от пола, подъем ног к перекладине, упражнения на брусьях, приседания, берпи, качание пресса и отжимания с хлопком.

По завершении спортивной акции старший матрос пограничного сторожевого корабля



с энтузиазмом приняли участие в челлендже, демонстрируя силу, выносливость и командный дух.

Перед началом спортивного мероприятия к участникам челленджа обратился заместитель первого дивизиона береговой охраны по воспитательной, идеологической и кадровой работе ДПС по Мангистауской области подполковник Султан Баймагамбетов:

«Уважаемые пограничники! Сегодня мы чтим память героев Великой Отечественной войны, которые 80 лет назад завоевали для нас мирное небо. В их честь мы выполним восемь спортивных упражнений по десять повторений каждое. Мы хотим показать, что современные защитники рубежей Казахстана сильны духом и телом, а память о героях ВОВ жива в каждом из нас! Мы помним! Мы

«Сакшы» Даурен Зенекеш передал эстафету следующему департаменту пограничного ведомства:

«Этот челлендж мы посвящаем памяти героев ВОВ и передаем его военнослужащим Департамента ПС КНБ по Восточно-Казахстанской области!».

Спортивная акция «Наследники Победы» продолжает свое движение по регионам страны, объединяя пограничников в стремлении к здоровью, силе и патриотизму. Ожидается, что в спортивном мероприятии примут участие все департаменты Пограничной службы КНБ.

**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото рядового
Е. УРЫНБАЙ.**